



Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, аяулы жар, мейірімді әже, ағайын-туысқа бауырмал, асыл анамыз **Сәния (Сәмкен) ӘЛІМЖАНҚЫЗЫНЫҢ** фәниден бақиға озғанына маусым айының 6-шы жұлдызында 1 жыл толады. Отбасымыздың тірегі, аяулы ана, қамқор әже, немерелеріне жанын беретін ерекше жан едіңіз. Анашым, немерелеріңіздің қызығын көретін шақта сұм ажал ортамыздан алып кетті.

Анамыздың айтқан ақылы, нұрлы бейнесі әлі де көз алдымыздан кетпей орныңыз ойсырап тұр. Алпаның ісіне не шара? Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, деп рухыңызға дұға бағыштаймыз.

Жарып өтті жүректі қанжардайын тілімдеп,
Сіздің жансыз бейнеңіз таста тұрған күлімдеп.
Сене алмаймыз күтеміз, қайта оралып өзіңіз,
"Жыламашы, балам,"-деп жұбатардай бүгін кеп.

Емдемейді екен-ау, жан жарасын дәрі де,
Шарасызбын көтерем, көнем, ана, бөріне.
Біреу келіп оятса "Мұның Бәрі-жалған!!!"-деп,
Қорқынышты түс көріп жүргендейміз әлі де.

Мазаласам орынсыз, кешіріңіз, анашым,
Қандай ана назардан тыс қалдырар баласын?!
Қиналғанда қасымнан табыларсыз әрдайым,
Рухыңызбен жалғарсыз екі дүние арасын.

Еске алушылар: балалары, немерелері, жиендері.

4-ші маусым күні анамыздың өмірден озғанына 1 жыл толуына орай Ақсу-Аюлы ауылындағы "Мерей" дәмханасында сағат 13.00-де анамыздың рухына дұға оқылып, құран бағышталады.

Асқа әкеміз бен анамыздың көзін көрген құда-жекжат, ағайын-туыс, көрші-қолаң, жора-жолдастарын шақырамыз.



Еске алу

Ақадыр кентінің тұрғыны болған, асыл әже, ардақты ана **ІЛИЯСҚЫЗЫ Күләйдің** өмірден өткеніне 31-ші мамырда 1 жыл толады.

Немерелерінің асыл әжесі болған, ардақты анамызды сағынышпен еске алып, жаны жәннатта, төні рахатта, топырағы торқа болсын деп әруағына дұға бағыштаймыз.

Анажан шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық, ана, сізді баршамызда.

Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен туғандары еске алады.
Өзіңізбен өткен күндер
Жадымызда мәңгіге сақталады.

Еске алушылар: жолдасы, балалары, немерелері, бауырлары.

Анамыздың жылдық асы 28-ші мамыр күні Ақадыр кентіндегі мешіт асханасында сағат 13.00 -де беріледі.

Ағайын, туған-туыс бауырларды, құда-жекжаттарды, көрші-қолаң, әріптестерді, жора-жолдастарды жылдық асқа жайған астан дәм татып, құранға қол көтеруге шақырамыз.



Еске алу

Ақадыр кентінің тұрғыны болған, асыл жар, балаларының қамқор да ардақты әжесі **АМАНДЫҚҰЛЫ Жұмағұлдың** фәниден бақиға озғанына 40 күн толып отыр.

Біз үшін аса қымбатты жанды сағына еске алып, жаны жәннатта, топырағы торқа болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.
Тіршілік мынау өтеді дейді қас қағым.
Осы ойды қанша қашырмақ болып жасқадым.
Өкініп бізді өлімнің барын білдіріп,
Қалайша кеттің Арысым менің асқағым.

Тірліктің бүгін тағы бір таңы атты әні,
Жылуын шашқан жарықтың саған жоқ мәні.
Артыңда қалған ұл-қызыңды өкітіп,
Мерзімі жетпей жүрегің неге тоқтады.

Серілеу ғұмыр кешіріп сәнді тасыттың,
Сен жүрген жерден кететін еді қашып мұң.
Селкеуде түспей өткізген мынау өмірден,
Жаным-ау айтшы кетуге неге асықтың.

Білем ғой білем ажалдан қашпас еш пенде,
Кімдерге қалай келерін оның білген бе?
Дегенмен жаным алаңсыз едім шат едім,
Арысым менің алдымда өзің жүргенде.

Алла алды өзі берген жандарын,
Тілейміз біз жұмақтан орын болғанын.
Туыс, бауыр, достарынан сұраймыз,
Дұға оқып естеріне алғанын.

Еске алушылар: жұбайы – Қарақат, балалары - Нұрдана, Нұрсұлтан, Нұрдаулет, Нұр-елік.

Жолдасым Амандықұлы Жұмағұлдың қырық күндік асы 30-шы мамыр күні сағат 12.00 -ден бастап Ақадыр кентіндегі орталық мешіт асханасында беріледі.



Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған асқар тау әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы **СӘТБЕК Мейрам Саятұлының** жалған фәниден мәңгілік мекеніне аттанғанына алдымыздағы маусым айының 2-сі күні 1 жыл толады. Санаулы ғұмырында жан баласын жатсынбай аңқылдаған ақпейілімен ағайынға сыйлы, айналасына абыройлы ғұмыр кешкен Әкемізді сағына еске алып, әруағыңа құран бағыштап, жаны жәннаттан орын алсын деп тілейміз.

Өмірде ұл мен қызы ойға алғаны.
Әкешім асқар тауым, жайлау жаны.
Бір жыл өтті аяулы асыл бейнең,
Алыстап, сағынышқа айналғалы.

Әулетке, ағайынға шуақты едің.
Жайдары мінезінді ұнатты елің.
Жайлы боп жатқан жерің асыл Әке.
Бір Алла нәсіп етсін жұмақ төрің.

Еске алушылар: анасы, жұбайы, балалары мен немерелері, келіндері.

Марқұм әкеміздің жылдық асы 28-ші мамыр күні Ақсу-Аюлы ауылындағы «Тілек» дәмханасында сағат 13.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда - жекжат, көрші - қолаң, достары мен әріптестерін, жалпы барша ағайынды шақырамыз.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

1) Жобаның атауы: "Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнындағы полиметалл рудаларын игеру бойынша тау-кен өндіру жоспарына ҚОРШАҒАН ОРТАСЫН ҚОРҒАУ (ҚҚҚ) БӨЛІМІ".

2) Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы.

3) Қоғамдық тыңдау 2022 жылы шілде айының 12 күні, сағат 16.00-де келесі мекенжайда өтеді: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау к. (әкімдіктің конференц залы). Төтенше жағдай күшейген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша өтеді: <https://us05web.zoom.us/j/6947985922?pwd=V3BUK3ZaMVkvd3NBazE1aS85UjRXZz09>

Конференция идентификаторы: 694 798 5922; кіру коды: 8Afu27

4) Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "АЛАЙГЫР"» ЖШС, өкілі: Нурсултан Аубакиров 8-721-255-9053;

5) Құжаттаманы әзірлеушілер - «Эко Су Жобалау» ЖШС, +7-747-4415831, ecosu@bk.ru

6) бірыңғай экологиялық порталға сілтеме -<https://ecoportal.kz/>

«Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>

7) Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға мынадай байланыстар бойынша сұратуға болады: +7-747-4415831, ecosu@bk.ru

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе олар бойынша жұртшылық және мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы - "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, pr.resurs@mail.ru.

1) Наименование проекта: Проект «РАЗДЕЛ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ (РООС) к плану горных работ разработки полиметаллических руд месторождения Алайгыр в Карагандинской области», в том числе пакет документов на разрешение на воздействие: ПУО ПЭК, ППМ.

2) Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы.

3) Общественные слушания состоятся: 12 июля 2022г в 16.00 часов по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы, ул. Шортанбай жырау 24, (конференц зал акимата). В случае чрезвычайного положения данные слушания пройдут в формате видеоконференции ZOOM, по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/6947985922?pwd=V3BUK3ZaMVkvd3NBazE1aS85UjRXZz09>. Идентификатор конференции: 694 798 5922. Код доступа: 8Afu27

4) Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "АЛАЙГЫР"», представитель: Нурсултан Аубакиров, 8-721-255-9053;

5) Разработчики документации - ТОО «Эко Су Жобалау», +7-747-4415831, ecosu@bk.ru

6) ссылка на Единый экологический портал - <https://ecoportal.kz/>

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>

7) дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по следующим контактам: +7-747-4415831, ecosu@bk.ru

8) Уполномоченный орган в области охраны окружающей среды или местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, по которым общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», pr.resurs@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

“LAM 2030” ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 28.06.2022 жылы сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау кенті, Ақшатау кенті, Қазбек Нұржанов көшесі, 31, “Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кенті әкімінің аппараты” ММ акт залы мекен-жайы бойынша, сондай-ақ, ZOOM конференция арқылы (сәйкестендіргіш: 320 844 9619, қолжетімділік коды: 8dxvkq) қоғамдық көліктер өтеді. Қарағанды облысының Шет ауданында орналасқан бұрынғы Ақшатау КБК техногендік минералдық түзілімдерін өңдеу “тау-кен жұмыстарының жоспары “жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында тыңдау”. Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекен-жайы escojer@mail.ru. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы escojer@mail.ru телефон арқылы: +7 (7212) 31-98-76.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «LAM 2030» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 28.06.2022 г. в 11.00 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Акшатауская п.а., п. Акшатау, улица Казбека Нуржанова, 31, актовый зал ГУ – «Аппарат акима поселка Акшатау Шетского района Карагандинской области», а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 320 844 9619, код доступа: 8dxVvkQ), состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к проекту «План горных работ «Отработка техногенных минеральных образований бывшего Акшатауского ГОКа, расположенных в Шетском районе Карагандинской области»». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес escojer@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу escojer@mail.ru и по телефону: +7 (7212) 31-98-76.

Көңіл айту

“Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп гимназиясы” КММ ұжымы Әйешов Рахметолла мен Әйешова Арайлым Рахметоллақызына бауыры

**Әйешова Салтанат
Телеуқызының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

16.06.2018 жылы қайтыс болған Тауенов Сакеннің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй, телефон : 87017511686.

15.02.2022 жылы қайтыс болған Жунусова Галия Сариевнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй, телефон : 87017511686.

11.01.2022 жылы қайтыс болған Умбетова Улту Абдинабиевнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, телефон: 8701748 11 27.

Открыто наследственное дело после смерти Белтаева Болата Сыздыковича умершего 28.11.2021 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой 3. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.